

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

2017 ж. 2-тоқсанындағы

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ НАРЫҒЫНА

ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ


Жеке тұлғалардың депозиттер нарығының тенденциясына шолу

2017 жылдың 1 шілдедегі жағдай бойынша депозиттерге кепілдік беру жүйесіне ислам банкінен басқа екінші деңгейлі 32 банк кіреді.

2017 жылдың 1 шілдедегі жағдай бойынша кепілдік беру жүйесіндегі қатысушы-банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері 7,9 трлн. теңгені құрап, ағымдағы жылдың екінші тоқсанындағы өзгерісі +307,6 млрд. теңгені немесе +4,1% құрады.


Есепті тоқсанда жеке тұлғалар депозиттері үлесі бойынша көшбасшылар үштігіне алдыңғы тоқсандағыдай *Халық банкі*, *Казкоммерцбанк* пен *Kaspi Bank* кірді, олардың үлестері сәйкесінше 20,8%, 16,4% және 10,1% құрап отыр (1-диаграмма).

1-диаграмма. Үштік және де басқа банктердегі жеке тұлғалар депозиттері




Халық салымдарының валюталық құрылымына келсек, есептік тоқсанда ұлттық валютадағы депозиттердің өзгерісі +390,3 млрд. теңгені немесе +12,4%-ті, шетел валютасында - 82,8 млрд. теңгені немесе -1,9%-ті құрады. 2017 жылдың 1 шілдедегі жағдай бойынша шетел валютасындағы жеке тұлғалар депозиттері 55,0% (4,3 трлн. теңге), ұлттық валютада 45,0% (3,5 трлн. теңге) құрады. (2 және 3-диаграммалар).

2-диаграмма. Жеке тұлғалардың депозиттік базасының өзгеру динамикасы




3-диаграмма. Жеке тұлғалардың депозиттік базасының құрылымының өзгеру динамикасы (трлн.теңге)



Жалпы алғанда Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономиканы доллардан арылту саясаты соның ішінде шетел валютасында орналастырылған депозиттердің сыйақы мөлшерлемесін төмендетіп, ұлттық валютадағы депозиттердің сыйақы мөлшерлемесін ұлғайтуы және олардың өтемақысын 10 миллион теңгеге көтеру шараларының тиімділігі айқындалып келеді.


Қатысушы-банктердің депозиттері жиынтық қоржынындағы жалпы үлесі 87,4% (6,9 трлн. теңге) болатын мерзімді салымдардан, үлесі 5,5% (431,7 млрд. теңге) болатын ағымдағы шоттардан, үлесі 3,8% (297,3 млрд. теңге) болатын карт-шоттардағы қалдықтардан, және үлесі 3,1% (246,1 млрд. теңге) болатын шартты салымдардан, сондай-ақ жалпы үлесі 0,2% (18,1 млрд. теңге) болатын талап етілгенге дейінгі салымдардан тұрады. (4-диаграмма).

4 - диаграмма. Жеке тұлғалар депозиттерінің негізгі категориялар бойынша құрылымы (% бойынша)



Жеке тұлғалар депозиттерінің қоржынының ең үлкен үлесі бар (87,4%) мерзімді салымдар есептік тоқсанда 202,1 млрд. теңгеге немесе 3,0%-ке ұлғайды. Мерзімі *3 айға дейінгі* мерзімді салымдар 52,6 млрд. теңгені немесе мерзімдік депозиттердің 0,8%-ін құрайды. Мұндай салымдардың тоқсандық өзгерісі +10,2 млрд. немесе 24,2%, мерзімі *6 айға дейінгі* мерзімді салымдар үлесі 1,3% (88,1 млрд. теңге), бұл категориядағы салымдардың өзгерісі 36,5 млрд. теңге немесе 70,9 %-ке тең, мерзімді салымдар құрылымында үлесі ең көп 12 айға дейінгі мерзімді салымдар (2 трлн. теңге немесе мерзімді салымдардың 28,8%-іне тең, және де олардың 254,6 млрд. теңге немесе 14,7 % өскен. Сонымен қатар мерзімі 12 айдан жоғары депозиттер 4,8 трлн. теңгені және үлесі 69,1%-і құрады, ал тоқсандық өзгерісі 99,2 млрд. теңгені немесе 2,0%-і құрады. (4.1-диаграмма).

4.1 - диаграмма. Мерзімді салымдардың құрылымы (% бойынша)



Қатысушы-банктердің жиынтық қоржынының 19,3%-тін (немесе 1,5 трлн. теңгені) құрайтын мөлшері **5 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдарда** тоқсан ішінде оң өзгеріс болды және оның мөлшері 31,8 млрд. теңгені құрады. **5 млн.-нан 10 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдар** қарастырылып отырған мерзім ішінде 38,3 млрд. теңгеге ұлғайып, 616,9 млрд. теңгені (немесе депозиттер жиынтық қоржынның 7,8%-тін) құрады. **10 млн.-нан 20 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдар** тоқсан ішінде 31,4 млрд. теңгеге өсіп, 447,3 млрд. теңге немесе депозиттердің жалпы көлемінің 5,7% құрады. Сонымен қатар, (депозиттер жиынтық қоржынның 5,6%-тін құрайтын) **20 млн.-нан 50 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдарда** да оң өзгеріс болып, 26,6 млрд. теңгені немесе 6,5%-ті құрады.

Жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы қорының басым бөлігін **50 млн.-нан 500 млн. теңгеге дейінгі және 500 млн.-нан жоғары мерзімді салымдар** құрап, олардың үлестері сәйкесінше 13,7% және 35,3% болды. Бұл санаттағы депозиттердің ағымдық тоқсандағы өзгерістері сәйкесінше +5,1% немесе 52,2 млрд.теңгені және +0,8% немесе 21,8 млрд.теңгені құрады.

Жеке тұлғалар қоржынының құрылымында **шартты салымдардың** үлесі өте аз (3,1%). Бұл категориядағы халық салымдары өткен тоқсанмен салыстырғанда 13,2 млн. теңге немесе 5,7% болды. Шартты салымдардың тоқсандық өзгерістері теңгеде 13,1 млрд. болса, шетел валютасында 0,02 млрд. теңгені құрады.

Жеке тұлғалар депозиттері қоржынының 0,2%-ін құрайтын **талап етілгенге дейінгі салымдарының** өзгерісі -0,5 млрд. теңгені немесе -2,5% құрады. Шетел валютасындағы талап етілгенге дейінгі салымдарының азаюы (-1,8 млрд.теңге) байқалса, ұлттық валютадағы салымдардың ұлғаюы +1,3 млрд. теңге болды.

Үлесі 5,5% **азымдағы шоттардағы жиынтық қалдықтарда** оң өзгерістер байқалды және ол 35 млрд. теңге немесе 8,8%-ке тең. Бұл өзгерістерге негізінен ұлттық валютадағы **азымдық шоттардағы жиынтық қалдықтардың** 30,7 млрд. теңгеге ұлғаюы себеп болды.

Сонымен қатар, **карт-шоттардағы жиынтық қалдықтары** бойынша да оң өзгерістер орын алды және ол 57,7 млрд. теңгені немесе 24,1%-ті құрады. Бұл өзгерістер ұлттық валютадағы **карт-шоттардағы жиынтық қалдықтарының** 52,7 млрд. теңгеге және шетел валютасындағы салымдардың 5,0 млрд. теңгеге ұлғаюы салдарынан болды.

2017 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі қатысушы банктердің жеке тұлғаларының депозиттері бойынша Қор төлеуге тиісті өтелім сомасы (қатысушы-банктің салымшыға қарсы талаптарын есепке алғанда) 3,2 трлн. теңгені құрады. Есептік күнге Қордың арнайы қоры жарғылық капиталдың есебінсіз 427,8 млрд. теңгені құрады. Қажет болып жатқан жағдайда арнайы қордың тапшылығын толықтыру мақсатында Акционерлер шешімімен Қор жарғылық капиталдың 70%-тін қолдана алады. Мұндай жағдайда ол 535,5 млрд. теңгеге жетеді, немесе өтелуге тиісті жинақы соманың 16,8% және қатысушы банктердегі жеке тұлғалар салымының 6,8% құрайды.

Қор төлеген кепілдік берілген өтемнің жиынтық сомасы *Наурыз Банкі* бойынша 2017 жылдың 1 шілдесіндегі жағдай бойынша 679,6 млн. теңгені ал *Валют-Транзит Банкі* бойынша қосымша өтемді қоса есептегенде 17,9 млрд. теңгені құрады.

Қордың *Наурыз Банкінің* ликвидациялық комиссиясынан кепілдік берілген өтемді төлеген сомасы бойынша талаптарын қанағаттандыру барысында алынған сома мөлшері 772 млн. теңге немесе ликвидациялық комиссиясына қойылған барлық талап сомасының 100%, ал *Валют-Транзит Банкі* бойынша 9,6 млрд. теңге немесе Қордың ликвидациялық комиссиясына қойылған талап сомасының 51,07% (қосымша өтемді қоса есептегенде) құрайды.

2015 жылдың шілдесінде «Жеке меншік құқығын қорғау, келісім бойынша міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзу жағдайларында міндеттемелерді қатайту сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасы кей заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына қол қойылуына байланысты 2007 жылы жабылған *Валют-Транзит Банкі* салымшыларына қосымша өтем төлене бастады. *Валют-Транзит Банкіндегі* салымдары 700 мың теңгеден асатын салымшыларға Қор депозит бойынша қалдығы сыйақыны есептемегенде қосымша бес миллионнан аспайтын қосымша өтем төлеуге тиіс.

2015 жылдың 10 тамызынан 2016 жылдың 10 тамызына дейін Қор қосымша өтем Банк Центр Кредиттің бөлімшелері арқылы жүзеге асырды. Міндеттемелердің жалпы сомасы 4,25 млрд. теңгені құрады.

2016 жылдың 10 тамызынан кейін *Валют-Транзит Банкі* салымшыларына қосымша өтемді салымшыға тиесілі қаражатты салымшының өтінішінде көрсетілген банк шотына Қор өз тарапынан жүзеге асыруда.

2017 жылдың 1 шілдесіне сәйкес 4 393 салымшы (4 995-тен) жалпы сомасы 3,99 млрд. теңгені құрайтын өтем алды, ол бар міндеттемелердің 93,6% құрады.

**2017 жылдың 1 шілдесіне сәйкес
қатысушы банктердің жеке тұлғалар депозиттері бойынша мәліметтерінің жиынтығы**

№ п/п	Аталуы	Шоттардың саны	Сомасы (мың теңге)
	Барлық жеке тұлғалар депозиттері теңгемен және шетел валютасымен, оның ішінде:	41 976 529	7 879 411 584
1.	Талап етілгенге дейінгі салымдар, оның ішінде:	4 386 343	18 073 953
1.1.	<i>теңгемен</i>	4 309 549	5 492 917
	1 млн. теңгеден аспайтын	4 292 866	3 756 005
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	5 401	434 379
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	2 753	127 267
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	3 385	119 783
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	2 195	117 478
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	1 637	93 898
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	900	156 928
	500 млн. теңгеден жоғары	412	687 179
1.2.	<i>шетел валютасымен</i>	76 794	12 581 036
	1 млн. теңгеден аспайтын	71 690	785 479
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	1 584	1 116 208
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	819	1 307 428
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	874	1 757 998
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	707	1 345 145
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	565	1 423 584
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	512	1 908 301
	500 млн. теңгеден жоғары	43	2 936 893
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі талап етілгенге дейінгі салымдар	174	2 991 044
2.	Мерзімді салымдар, оның ішінде:	3 806 316	6 886 227 992
2.1.	<i>теңгемен, оның ішінде:</i>	3 101 423	2 823 195 883
2.1.1.	Мерзімі 3 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	44 036	21 459 487
	1 млн. теңгеден аспайтын	39 067	3 443 075
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	3 037	4 970 020
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	744	2 809 588
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	635	4 373 273
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	256	2 605 075
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	87	1 628 203
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	129	1 032 137
	500 млн. теңгеден жоғары	81	598 116
2.1.2.	Мерзімі 6 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	46 213	27 292 523
	1 млн. теңгеден аспайтын	38 841	4 793 963
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	4 199	6 793 227
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	987	3 498 819
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	826	5 125 269
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	425	3 250 916
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	391	1 650 580
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	397	1 832 530
	500 млн. теңгеден жоғары	147	347 219
2.1.3.	Мерзімі 12 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	1 019 623	1 081 445 004
	1 млн. теңгеден аспайтын	807 318	138 350 680
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	142 144	233 194 017
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	31 645	120 346 001
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	24 285	166 872 431
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	8 272	99 612 385
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	2 857	70 559 074
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	2 026	122 265 835

	500 млн. теңгеден жоғары	1 076	130 244 581
2.1.4.	Мерзімі 12 айдан жоғары салымдар, оның ішінде:	1 991 551	1 692 998 869
	1 млн. теңгеден аспайтын	1 487 469	176 830 490
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	169 645	276 824 976
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	41 210	146 758 439
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	35 443	194 886 569
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	37 200	114 885 169
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	35 528	90 453 652
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	74 001	187 062 967
	500 млн. теңгеден жоғары	111 055	505 296 607
2.2.	<i>шетел валютасымен, оның ішінде:</i>	704 893	4 063 032 109
2.2.1.	Мерзімі 3 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	13 214	31 167 421
	1 млн. теңгеден аспайтын	8 898	1 428 635
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	1 786	3 236 642
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	990	3 876 881
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	730	5 055 168
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	338	4 729 737
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	195	5 297 080
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	182	7 266 168
	500 млн. теңгеден жоғары	95	277 110
2.2.2.	Мерзімі 6 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	18 393	60 780 853
	1 млн. теңгеден аспайтын	11 242	2 147 501
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	2 820	5 002 816
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	1 485	5 776 193
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	1 153	7 993 594
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	532	7 054 339
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	376	6 735 489
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	483	14 197 818
	500 млн. теңгеден жоғары	302	11 873 103
2.2.3.	Мерзімі 12 айға дейінгі салымдар, оның ішінде:	242 280	904 692 947
	1 млн. теңгеден аспайтын	137 494	34 247 457
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	48 709	87 451 293
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	24 779	96 243 260
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	17 208	119 893 512
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	7 318	100 841 717
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	3 646	103 950 441
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	2 319	222 961 189
	500 млн. теңгеден жоғары	807	139 104 078
2.2.4.	Мерзімі 12 айдан жоғары салымдар, оның ішінде:	431 006	3 066 390 888
	1 млн. теңгеден аспайтын	187 619	24 119 855
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	36 340	60 296 990
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	22 146	81 373 986
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	18 230	112 694 904
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	12 172	114 316 106
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	26 743	158 211 305
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	43 338	521 701 136
	500 млн. теңгеден жоғары	84 418	1 993 676 606
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі мерзімді салымдар	2 879	442 790 959
3.	Шартты салымдар, оның ішінде:	47 814	246 084 617
3.1.	<i>теңгемен, оның ішінде:</i>	44 027	155 390 205
	1 млн. теңгеден аспайтын	10 619	3 505 580
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	13 736	26 703 120
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	7 725	29 459 511
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	6 894	44 951 480
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	1 654	18 236 406
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	584	4 464 620
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	1 591	11 872 429
	500 млн. теңгеден жоғары	1 224	16 197 059

3.2.	<i>шетел валютасымен, оның ішінде:</i>	3 787	90 694 412
	1 млн. теңгеден аспайтын	2 128	121 636
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	471	89 402
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	125	107 469
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	131	222 714
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	98	374 179
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	110	1 565 908
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	282	12 495 359
	500 млн. теңгеден жоғары	442	75 717 745
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі шартты салымдар	59	21 677 398
4.	Ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары оның ішінде:	22 976 207	431 713 862
4.1.	<i>теңгемен</i>	21 922 752	303 206 179
	1 млн. теңгеден аспайтын	20 879 638	87 116 643
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	250 516	35 154 190
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	106 256	13 697 623
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	126 438	15 828 765
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	122 625	13 424 243
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	155 719	15 687 549
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	236 578	45 481 762
	500 млн. теңгеден жоғары	44 982	76 815 404
4.2.	<i>шетел валютасымен</i>	1 053 455	128 507 683
	1 млн. теңгеден аспайтын	942 524	7 195 561
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	31 130	7 881 064
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	12 218	6 001 637
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	13 689	8 917 054
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	11 343	9 979 368
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	11 741	10 380 016
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	19 497	17 995 411
	500 млн. теңгеден жоғары	11 313	60 157 572
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі ағымдық шоттардағы ақша қалдықтары	4 018	8 534 146
5.	Қарт-шоттағы ақша қалдықтары оның ішінде:	10 759 849	297 311 160
5.1.	<i>теңгемен</i>	10 573 990	259 735 244
	1 млн. теңгеден аспайтын	10 542 055	184 592 783
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	26 737	41 018 015
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	3 116	11 655 121
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	1 461	9 702 811
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	449	5 981 796
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	141	3 850 803
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	30	2 289 110
	500 млн. теңгеден жоғары	1	644 805
5.2.	<i>шетел валютасымен</i>	185 859	37 575 916
	1 млн. теңгеден аспайтын	179 277	7 955 395
	1 млн.-нан бастап 3 млн. теңгеден аспайтын	4 035	6 798 483
	3 млн.-нан бастап 5 млн. теңгеден аспайтын	1 116	4 209 966
	5 млн.-нан бастап 10 млн. теңгеден аспайтын	907	6 275 998
	10 млн.-нан бастап 20 млн. теңгеден аспайтын	354	4 908 561
	20 млн.-нан бастап 50 млн. теңгеден аспайтын	135	3 939 663
	50 млн.-нан бастап 500 млн. теңгеден аспайтын	34	3 227 454
	500 млн. теңгеден жоғары	1	260 396
	Банктің басқарушы қызметкерлеріне, сонымен бірге 5% және одан жоғары дауыс беру құқығы бар акцияларға ие акционерлер мен олардың жақын туыстарына тиесілі карт-шоттағы қалдықтары	3 363	2 207 079